



**Кеңес Одағының Батыры С.Рахымов атындағы
Шымкент республикалық «Жас ұлан» мектебі**

**Қазақ тілі мен әдебиеті пәндері мұғалімі
Байжанова Эльмира Ендібайқызы**

Қысқа мерзімді сабақ жоспары 45 минут

Сабақтың тақырыбы:	Қонақ үйдегі қызмет түрлері. Лексика
Мақсаты:	
Білімділік.	Қонақ үй , қонақ күту, қонақжайлылық, қонақ үйдегі қызмет түрлері туралы мәлімет беру. Топтық және жұптық жұмыс жүргізу арқылы оқушыларды ұжымдастыру. Қонақ үйдегі қызмет түрлерін білу. Осы жүргізілген жұмыстар бойынша лексиканы еске түсіру.
Дамытушылық.	Мақал-мәтелдерді айтқызу арқылы білімдерін дамыту. Түрлі жағыттығуларды орындату арқылы шапшаңдыққа үйрету.
Тәрбиелік.	Оқушыларды қонақжайлылыққа, бір-біріне деген сыйластық сезіміне тәрбиелеу.
Сабақтың көрнекілігі:	Слайдтар, үлестірмелі қағаздар, оқулықтар, постерлер, маркерлер, стикерлер.
Сабақтың түрі:	Ұжымдық сабақ.
Пәнаралық байланыс:	Қазақ әдебиеті, қоғамтану, әлеуметтану, орыс тілі
Күтілетін нәтиже:	Қонақ үйдің қызметі, қонақ күту, қонақжайлылық туралы мәлімет алады. Мәтінмен, жаттығу жұмыстарымен , мақал-мәтелдермен жұмыс жүргізу арқылы лексиканы еске түсіреді.

Саб. кездері	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Сабақтың әдістері	Керекті жабдықтар
1 мин.	Оқушыларды түгелдеу	Командирдің сыныптағы орынбасары оқушылардың құрамы жайлы баяндайды		Топ ережесі
2 мин.	1.Қызығушылықты ояту. Топтағы ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру мақсатында психологиялық тренинг жасату.	Оқушылар күліп тұрған смайликке қарап, бір-біріне жақсы тілектерді айтады.	Ой қозғау	смайликтер

5 мин.	<p>Үй тапсырмасын жаңа сабақты өту барысында байланыстыру. (Үй тапсырмасы: Лексика саласын оқып келу.)</p> <p>2. Ой қозғау. (сұрақ-жауап)</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. «Қонақ» деген сөзді қалай түсінесіңдер. Ассоциациясын айту. 2. Қазақ халқы қалай қонақты қарсы алады? 3. Қонақ қалай ризашылығын білдіреді? 4. Қандай үйді Қонақжай үй дейміз? т.б 5. «Қонақ» туралы қандай қанатты сөздер, нақыл сөздер, мақал-мәтелдер білесіңдер? 	Оқушылар сұраққа жауап береді және өз ойларын жеткізеді.	Диалог, СТО, АКТ, бағалау.	Интертақта
5 мин.	<p>Слайд. Мағынаны тану. «Қонақ үйлер» туралы (Қазақстан қалаларындағы зәулім-зәулім қонақ үйлердің суретін көрсету.) Сұрақ-жауап. ХХІ ғасырда өмір сүріп жатырмыз. Сонымен қатар, тәуелсіздігімізді алғалы мемлекетіміз дамып, түрлі қонақ үйлер салынып жатыр.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Бұрын қонақ үйлер болды ма? 2. Неге осындай қонақ үйлер салынып жатыр? 3. Осындай қонақ үйде жатқандары барма? 	Оқушылар бір-біріне сұрақ-жауап алмасу арқылы өз ойларын тұжырымдайды.	СТО, АКТ, диалог.	Интертақта
10 мин.	<p>Слайд. Жұптық жұмыс Қонақ үйдегі қызмет түрлері Қонақ үйдегі қызмет түрлері мен қызметшілер туралы мәлімет беру. Постерлер тарату.</p>	Тындайды, Жазады. Схема түрінде оқушылар жұптаса отырып, жазып, қорғап шығады.	Диалог, СТО.	Интертақта, постерлер, маркерлер.
5 мин.	<p>Сөйлем құрау: оқушылар қонақ үй мен қонақ үйлердің қызметі туралы сөйлем құруға тапсырма беру.</p>	Оқушылар лексиканың қарастыратын мәселелеріне мысалдар келтіре отырып, сөйлем құрау.	Диалог	
3 мин.	<p>Слайд. Жұптық жұмыс. Қонақтың түрлері туралы анықтама беру. Қонақтың түрлеріне анықтама берілген қима қағаздарды оқушыларға тарату.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Арнайы қонақ 2. Құдайы қонақ 3. Қыдырма қонақ 4. Қылғыма қонақ 	Оқушылар қонақтың түрлері туралы өз ойларын айтады. Мысалдар келтіреді. Қонақтың түрлеріне анықтама берілген парақшадағы	СТО, диалог	Интертақта, Оқулықтар. Үлестірмелі қағаздар.

	5. Құтты қонақ 6.Ерулікті қонақ	сөздердің лексикалық мағынасын табады.		
5 мин.	4.Ой толғаныс. Жұптық жұмыс: Сыныпты стикерлер бойынша екі топқа бөліп, топтық жұмыс жүргізу. Орта деңгейге «Сыйларға асың болмаса, Сыйпарға тілің болсын.» мақалына өз пікірлерін айтқызу. Жоғары деңгейге «Қонақжайлылық» туралы өлеңді оқып, өз ойларын айтқызу.	Оқушылар өз түсінгендері бойынша, Бірінші топ «Қонақ туралы мақал» мағынасын, Екінші топ өлеңнен өз ойларын айтады. ішінен лексикалық мағыналарды табу.	СТО, диалог	Интертакта, үлестірмелі қағаздар.
5 мин.	Сабақты қорытындылау: <ul style="list-style-type: none"> • Тест жұмысы. • Топтастыру әдісі бойынша лексиканың түрлерін табу. 	Оқушылар тест жұмысы мен лексиканың қарастыратын мәселелерін интертактада жазып шығады.	СТО, топтастыру стратегия.	Интертакта
2 мин.	Оқушыларды бағалау: Сабақ барысында таратылып отырған стикерлер арқылы бағалау.	Оқушылар стикерлер арқылы бағаланады.	Стикерлер арқылы бағалау	Стикерлер
2 мин.	Үй тапсырмасын беру.	1.Лексикалық мағыналарды қатыстыра отырып, «Менің болашақтағы ұлттық қонақ үйім» тақырыбында эссе жазып келу.	Сын тұрғысынан ойлауға үйрету, АКТ	Оқулық, ғаламтор

Рефлексия:

Сабақ қорытындысы:

Сабақтың жағымды жағы:

Сабақта жіберілген кемшіліктер: